

Ерліктің куәсіндей

Мықтап бір ойлап қалсақ,
Баспан егер,
Былай деп сөзін бүгіп,
Бастамақ ел:
— Ұлтымның маңдайына,
Біткен ерен,
Ерлердің алғы сапын
Бастаған ол.
Емес ол адал жанға,
Кінә қойған,
Аулақтың тұман — сезім
Тұман—ойдан,
Қуатты күш иесің,
Аңғартатын,
Әр кезде өзіне тән,
Тұла бойдан.
Жан болмай дау— айтыста,
Керген өнеш,
Тұрмаған игілерге,
Көлденең еш,
Көрдеңдеп,
Кеуде қакқан,
Жау алдында,
Ешқашан есе беріп;
Көрген емес,
Кірлетпей өле-өлгенше,
Ар-намысын.
Ерлікпен алғыс жаулап,
Алғаны шын,
Ағыбай алға басқан,
Жан еді ғой,
Халқьның нұр сәулелі.
Арманы үшін.
Шөл басып, бал-қымызбен,

Мөлдір сумен,
Ел-і үшін капелімде,
Мол күрсінген.
Жайсаңдар ауылына,
Жақын қонып,
Арқасын аулақ салған
Көлгірсуден.
Жауына талай мәрте,
Салыпты ойран,
Танытып зор қуат—күш,
Анық бойдан.
Біз үшін сол бабаның,
Биік рухы,
Мәңгіге өнеге боп,
Қалып қойған.
Тағдырдың көріп кейде,
Қасіретін,
Адалдық алдында тек,
Бас иетін.
Бұл күнде Ақжолтай,
Ағыбайдың,
Ұрпағы қастерлеуде,
Қасиетің.
Біз үшін теңдесіз ол,
Бір асыл ғой,
Теңдесіз екендігі,
Сірә, шын ғой.
Шынтуайтын айтқанда,
Оның әрбір,
Ісі бізге өрліктің,
Куәсіндей.

Әуесхан АМАНЖОЛТЕГІ,
Ойран бекеті.